

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № А-1/98 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 ақпанда № 5760 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 10 қарашадағы № А-11/427 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 10.11.2017 № А-11/427 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

қ а у л ы с ы м е н .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес, Жарқайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ.Әлжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жарқайың ауданының
әкімі*

А.Үйсімбаев

Жарқайың ауданы әкімдігінің
2017 жылғы "24" 01
№ А-1/98 қаулысымен
бекітілген

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

--	--	--	--	--	--

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының айына жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)		Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)	
		мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
1	Балабақша	-	-	-	-	-	-	-	-
2	Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	220	0	19564	0	19564	0	6600	0
3	Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	7	0	9782	0	9782	0	3300	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ